

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бөлінген бюджет қаражатын
ішінара мемлекеттік аудит іс-шарасын жүргізу» аудиторлық іс-шарасы
бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ШЫМКЕНТ
2025 жыл**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы: _____
- 1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты: _____
- 1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері: _____
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау: _____
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері: _____

III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: _____
- 3.2. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша тұжырымдар: _____
- 3.3. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар: _____
- 3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, қалпына келтірілген және өндірілген сомалардың құжаттары.

**«Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бөлінген бюджет қаражатын ішінара мемлекеттік аудит іс-шарасын жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бөлінген бюджет қаражатын ішінара мемлекеттік аудит іс-шарасын жүргізу».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бөлінген бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды талдау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

р/с №	Мемлекеттік аудит объектісінің атауы	Мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала)
1	2	3
1.	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «TEN QOGAM» әлеуметтік қорғау орталығы» КММ	Шымкент қаласы
2.	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «Отбасын қолдау орталығы» КММ	Шымкент қаласы
3.	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және қандастарды бейімдеу орталығы» КММ	Шымкент қаласы
4.	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ	Шымкент қаласы

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2022-31.12.2024 жылдар.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Аудиторлық іс шарамен жалпы қамтылған қаржы көлемі 4240766,0 мың теңге, оның ішінде:

Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджет қаражатының және активтердің көлемі (мың теңге)					
№	Мемлекеттік аудит объектілері	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	Барлығы
1	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «TEN QOGAM» әлеуметтік қорғау орталығы» КММ	141349,0	145995,0	162568,0	449912,0
2	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «Отбасын қолдау орталығы» КММ	119194,0	146938,0	163533,0	429665,0

3	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және қандастарды бейімдеу орталығы» КММ	144280,0	165660,0	146153,0	456093,0
4	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ	822666,0	991725,0	1090705,0	2905096,0
		1227489,0	1450318,0	1562959,0	4240766,0

«№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы қызметінің мәні – арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж психоневрологиялық ауытқулары бар 3 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға стационарлық жағдайда және 1,5-нан 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету болып табылады.

«№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және қандастарды бейімдеу орталығы мен Отбасын қолдау орталығы қызметінің мақсаты – уақытша болу жағдайында, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына және адам саудасының құрбандарына және террористтік белсенділік аймақтарынан қайтып келген әйелдер мен кәмелетке толмағандарды (отбасыларға) дерадикалдандыру, сонымен қатар, қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметін көрсету мақсатында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету функциясын орындау болып табылады.

«TEN QOGAM» әлеуметтік қорғау орталығы» мемлекеттік отбасы саясатының шараларын іске асыру, сондай-ақ өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) қолдаумен қамту жөніндегі жұмыстарды, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша өзге де шараларды жүзеге асыру болып табылады.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен жалпы қаржылық бұзушылық сомасы 70740,1 мың теңгені құрады, оның ішінде қалпына келтірілетін қаржы көлемі 13160,0 мың теңгені құраса, өтелуге жататын қаржы көлемі 57580,1 мың теңгені құрады.

Тиімсіз жоспарланған қаржы көлемі 313456,0 мың теңгені құрады және 16 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

1. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 3-бабы, 1-тармағы 12-4) тармақшасына сәйкес, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – ол, бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану болып табылады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» (бұдан әрі - Қағидалар) Қағидалардың 2-тармағында,

Бюджеттік өтінімді жасаудың негізгі мақсаты бюджеттік бағдарламаларды орындаудың қажетті ресурстары мен нәтижелері туралы сандық және қаржылық ақпарат негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеген кезде шығыстар көлемін негіздеу болып табылады деген талабы сақталмай төрт аудит объектілерінде жалпы 313456,0 мың теңге бюджет қаржысы тиімсіз жаратылған, атап айтқанда:

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «Отбасын қолдау орталығы» КММ бойынша 54733,0 мың теңге;

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және қандастарды бейімдеу орталығы» КММ бойынша 53353,0 мың теңге;

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ бойынша 177341,0 мың теңге;

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «TEN QOGAM» әлеуметтік қорғау орталығы» КММ бойынша 28029,0 мың теңге.

2. Бухгалтерлік есепке алу дұрыс жүргізілмей Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының» 4,12,15,18,22 тармақтарының талаптары үш аудит объектілерінде сақталмаған, атап айтқанда:

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «Отбасын қолдау орталығы» КММ бойынша 542,2 мың теңге;

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және қандастарды бейімдеу орталығы» КММ бойынша 549,0 мың теңге;

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ бойынша 12065,8 мың теңге.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысының 24-қосымшасының 1),2) тармақшаларының талаптары сақталмай және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыз Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы N 1127 қаулысының 13 тармағының 1), 2) тармақшаларының, 14 тармағының талаптары сақталмай, Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ басшылығы тарапынан рұқсат берілмеген 141 «Азық түлік өнімдерін сатып алу» және 142 «Дәрі дәрмектер

сатып алу» ерекшеліктері бойынша үнемделген қаржыдан 2022,2023,2024 жылдары жалпы 57580,1 мың теңге бюджет қаржысы негізсіз төленген.

4. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 бабының 1 тармағының «Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады» талабы сақталмай үш аудит объектілерінде жалпы 16 рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда:

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «Отбасын қолдау орталығы» КММ бойынша 7 бірлік;

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және қандастарды бейімдеу орталығы» КММ бойынша 3 бірлік;

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ бойынша 6 бірлік.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Аудит барасында шаралар қолданылмады.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері:

1) тиімділік – аудиторлық іс-шара қорытындысымен жалпы тиімсіз жоспарланған қаржы көлемі 313456,0 мың теңгені құрады құрады.

2) нәтижелілік – Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ басшылығы тарапынан рұқсат берілмеген 141 «Азық түлік өнімдерін сатып алу» және 142 «Дәрі дәрмектер сатып алу» ерекшеліктері бойынша үнемделген қаржыдан 2022,2023,2024 жылдары жалпы 57580,1 мың теңге бюджет қаржысы негізсіз төленгені анықталды сонымен қатар, бухгалтерлік есепке алу дұрыс жүргізілмей бұрмалауға жол берілуі салдарынан үш аудит объектілерінде жалпы 13160,0 мың теңге қаржылық бұзушылық орын алған.

3) мәнділік – мемлекеттік сатып алу заңнамасының нормаларын сақталмауы салдарынан 16 рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Анықталған бұзушылықтар қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнамалардың талаптарын басшылыққа алмағандығынан орын алған.

Қорытындылай келе, Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бөлінген бюджет қаражатын ішінара мемлекеттік аудит іс-шарасын жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижесі көрсеткендей Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан жүйелі бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Орталықтар тарапынан қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнамалардың талаптарын басшылыққа алмағандығынан және сапалы мониторингінің жүргізілмеуі салдарынан бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануы, бухгалтерлік есепке алу дұрыс жүргізілмей бұрмалауға жол берілуі, мемлекеттік сатып алу заңнамасының нормаларын сақталмауы және рұқсат берілмеген ерекшеліктері бойынша жалпы бюджет қаржысы негізсіз төленуі орын алған.

Бұл өз кезегінде бюджетті жоспарлау сатысында және бюджет қаржысын пайдалану барысында аудит объектілерінің лауазымды қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыруды қажет етеді.

Қорытындылай келе, жалпы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бөлінген бюджет қаражатын ішінара мемлекеттік аудит іс-шарасын жүргізу» аудиторлық іс-шараның нәтижесімен анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде деп тұжырымдауға болады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тапсырма.

Мемлекеттік аудит объектілері басшыларына Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және келешекте қаржылық бұзушылықтарға жол бермеулері бойынша Тексеру комиссиясының Нұсқамалары ұсынылсын.

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне сыйақыға негізсіз төленген 57580,1 мың теңге бойынша тиісті материалдар құқық қорғау органдарына құқықтық баға беру үшін жолдансын.

1. Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Бухгалтерлік есеп бойынша 2022 жылы 179,2 мың теңгеге, 2023 жылы 167,0 мың теңгеге, 2024 жылы 199,0 мың теңгеге немесе жалпы 545,2 мың теңгеге бұрмаланған сомалар есеп бойынша қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсін;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2. Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және қандастарды бейімдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Бухгалтерлік есеп бойынша 2024 жылы 549,0 мың теңгеге бұрмаланған сома есеп бойынша қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсін;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты

тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3. Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Бухгалтерлік есеп бойынша 2022 жылы 4132,0 мың теңгеге, 2023 жылы 5502,0 мың теңгеге, 2024 жылы 2431,8 мың теңгеге немесе жалпы 12065,8 мың теңгеге бұрмаланған сомалар есеп бойынша қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсін;

2) Мекеме қызметкерлеріне сыйақыға негізсіз төленген 57580,1 мың теңге қаржыны бюджетке өндіру бойынша жұмыстар жүргізілсін;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

4. Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «TEN QOGAM» әлеуметтік қорғау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4. Қабылданған шаралар бойынша мәліметті орындалу мерзімі 2026 жылдың 27 наурызына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

4.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражатжөніндегі ақпарат _____ парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі

Ж. Сәдібеков

Жоспарлау, талдау, есептілік және
сапаны бақылау бөлімінің басшысы

Д. Кенже

Әкімшілік-заң және персоналды басқару
бөлімінің бас инспектор-заң кеңесшісі

Е. Асқаров

Аудиторлық іс-шараны жүргізген мемлекеттік аудиторлар

Мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудитор

Г. Елшибаев

Мемлекеттік аудит бөлімінің бас
инспекторлары-мемлекеттік аудиторлар

Е. Есіркепов

Ш. Сариева

Согласовано

29.12.2025 11:14 Садибеков Женис Жаксылыкович

Подписано

29.12.2025 11:18 Налибаев Нуржан Абдулла

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 06/1210 от 29.12.2025 г.
Организация/отправитель	ГУ «РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПО ГОРОДУ ШЫМКЕНТ»
Получатель (-и)	ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ВЫСШАЯ АУДИТОРСКАЯ ПАЛАТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
Электронные цифровые подписи документа	 ГУ "Ревизионная комиссия по городу Шымкент" Согласовано: САДИБЕКОВ ЖЕНИС MIIQtAYJ...gyx1Zoec= Время подписи: 29.12.2025 11:14
	 ГУ "Ревизионная комиссия по городу Шымкент" Подписано: НАЛИБАЕВ НУРЖАН MIIVTgYJ...T+mKWGg== Время подписи: 29.12.2025 11:18
	 ГУ "Ревизионная комиссия по городу Шымкент" ЭЦП канцелярии: АГАБЕКОВ МҰРАТ MIIVIAYJ...2h5wp3Хо= Время подписи: 29.12.2025 11:20



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.